**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**Басқармасының**
**05.03.2018 жылғы №161**
**шешімімен бекітілген**

**Басқарманың 25.06.2018 жылғы №471**
**19.03.2019 жылғы №3-0319-10**
**24.07.2019 жылғы №3-0724-01**
**шешімдеріне сәйкес өзгерістер**
**мен толықтырулар енгізілген**

## Сауда / сервис кәсіпорнымен жасалатын шарттың үлгі нысаны (карточкалық жабдықты ұсыну арқылы)

Осы Шарт (бұдан кейін – Шарт) «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – Банк») атынан оның филиалдары мен филиалдардың құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын POS-терминалдарды орнату, Кәсіпорынға (заңды тұлғаға) орнатылған POS-терминалдардың күйін келтіру мен оларға қызмет көрсету тәртібін және талаптарын белгілейді.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Шартта, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесінде және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды берген кезде, Банк Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарына саны және құны Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойғаннан кейін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген POS-терминалды (терминалдарды) (бұдан кейін мәтін бойынша – жабдық немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады) ұсынады және POS-терминалды (терминалдарды) орнатады.

1.2. Банк Кәсіпорыннан Сауда/сервис кәсіпорнымен (карточкалық жабдықты ұсыну арқылы) жасалатын шарттың үлгі нысанына қосылу туралы өтініштің үлгі нысанын (бұдан кейін – Қосылу туралы өтініш) қабылдағаннан кейін және Кәсіпорын қолданыстағы заңнамада және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін Шарт жасалған болып есептеледі және күшіне енеді.

1.3. Егер осы Шарт болып табылмайтын, Банк пен Кәсіпорынның арасында бұрын жасалған Шарттың негізінде Кәсіпорынға жабдық

**Утверждено**
**Решением Правления**
**№ 161 от 05.03.2018 г.**
**АО «Банк ЦентрКредит»**

**с изменениями и дополнениями:**
**РП №471 от 25.06.2018г**
**РП №3-0319-10 от 19.03.2019г**
**РП №3-0724-01 от 24.07.2019г**

## Типовая форма Договора с Предприятием торговли/сервиса (с предоставлением карточного оборудования)

Настоящий Договор (далее – Договор) определяет порядок и условия установки, настройки и обслуживания POS-терминалов, установленных Предприятию (юридическому лицу), осуществляемых АО «Банк ЦентрКредит» (далее – Банк) в лице его филиалов и структурных подразделений филиалов.

### 1. Предмет Договора

1.1. При предоставлении Предприятием необходимых документов, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, настоящим Договором, Правилами об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит» и внутренними нормативными документами Банка, Банк предоставляет в пункты обслуживания Предприятия POS-терминал(ы) (далее по тексту – оборудование или как определено выше) в количестве и по стоимости согласно акту приема-передачи, который после подписания уполномоченными лицами Сторон является неотъемлемой частью Договора и осуществляет установку POS-терминала(ов).

1.2. Договор считается заключенным и вступает в силу после принятия Банком от Предприятия Типовой формы заявления о присоединении к типовой форме Договора с Предприятием торговли/сервиса (с предоставлением карточного оборудования) (далее - Заявление о присоединении) и предоставления Предприятием документов, предусмотренных действующим законодательством и внутренними нормативными документами Банка.

1.3. Если Предприятию производится установка оборудования на основании ранее заключенного между Банком и Предприятием

орнаталған болса, Кәсіпорын осы Шарттың бұрын жасалған Шартты ауыстыратынына және осы Шарттың талаптарының бірінші жабдық орнатылған күннен бастап пайда болған Тараптардың қарым-қатынасына қатысты қолданылатынына келіседі.

1.4. Осы Шартта қолданылатын барлық терминдер осы Шарттың 1-қосымшасында анықталған мәні бойынша түсіндіріледі және талқыланады. Кәсіпорын Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы терминдермен танысады және онымен келіседі.

1.5. Кәсіпорын төлем жасаған күнгі тарифтерге сәйкес Банктің жабдыққа қызмет көрсету үшін алынатын барлық комиссияларын уақытылы төлеуге міндеттенеді.

1.6. Кәсіпорын Шартпен Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсында және Банктің бөлімшелерінде таныса алады.

1.7. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Банк:

- жабдықты күйге келтіруге және оны тауар және/немесе қызмет көрсету үшін төлемді және/немесе орындалған жұмыс үшін төлемді төлем карталары арқылы қабылдау қызметіне қосуға;
- Қосылу туралы өтініште көрсетілген Кәсіпорынның қызмет көрсету орнында (орындарында) карточкалық жабдықты орнатуға;
- Кәсіпорынның қызмет көрсету орнының (орындарының) қызметкерлеріне төлем жасау үшін карточкаларды қабылдауға үйретуге;
- Қосылу туралы өтініште көрсетілген Кәсіпорынның қызмет көрсету орнында (орындарында) карточкалық жабдық арқылы жүргізілген карточкалық операциялар бойынша Кәсіпорынның банктік шотына ақша аударуға міндеттенеді.

**2. Банк көрсеткен қызметтің ақысын төлеу тәртібі**

2.1. Кәсіпорын Банктің тарифтерімен Банктің барлық бөлімшелерінде және Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет сайты арқылы таныса алады.

2.2. Кәсіпорын Банк ұсынған жабдық бойынша жүргізілген карточкалық операциялардың айналымдары бойынша комиссияны Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес төлеуге міндеттенеді.

Договора, не являющегося настоящим Договором, Предприятие соглашается с тем, что настоящий Договор заменяет собой ранее заключенный Договор и условия настоящего Договора применяются к отношениям Сторон, возникшим с даты установки первого оборудования.

1.4. Все термины, используемые в настоящем Договоре, понимаются и толкуются в том значении, в котором они определены в Приложении №1 к настоящему Договору, с которыми Предприятие знакомится и соглашается путем подписания Заявления о присоединении, являющегося неотъемлемой частью Договора.

1.5. Предприятие обязуется своевременно оплачивать все комиссии Банка за обслуживание оборудования в соответствии с Тарифами на день оплаты.

1.6. Предприятие может ознакомиться с Договором на интернет ресурсе Банка по адресу www.bcc.kz и в отделениях Банка.

1.7. В соответствии с условиями настоящего Договора, Банк обязуется:

-произвести настройку и подключение оборудования к услуге Банка по приему оплаты за товар и/или оказание услуг и/или оплату выполненных работ по платежным карточкам;

-произвести установку карточного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия, указанных в Заявлении о присоединении;

-обучать персонал пункта(-ов) обслуживания Предприятия приему карточек к оплате;

-производить зачисление денег на банковский счет Предприятия по карточным операциям, проведенным посредством карточного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия, указанных в Заявлении о присоединении.

**2. Порядок оплаты услуг Банка**

2.1. Тарифы Банка доступны для ознакомления Предприятию во всех отделениях Банка и на Интернет сайте Банка по адресу: www.bcc.kz.

2.2. Предприятие обязуется оплачивать комиссию по оборотам проведенных карточных операций по оборудованию предоставленному Банком согласно тарифам Банка, размещенным на интернет-ресурсе Банка www.bcc.kz.

2.3. POS-терминалдар бойынша карточкалық операциялардың ай сайынғы айналымы Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында көрсетілген шекті мөлшерден төмен соманы құраған жағдайда, Кәсіпорын осындай әрбір жағдай үшін Банктің www.bcc.kz интернет-ресурсында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес комиссия төлеуге міндеттенеді.

2.4. Банктің комиссиясын Кәсіпорын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Банкте ашылған Кәсіпорынның кез келген банктік шоттарынан Банктің тікелей дебеттеуі арқылы төлейді.

2.5. Кәсіпорын осы Шартты жасай отырып, Банкке Кәсіпорынның Банктің алдындағы міндеттемелері бойынша берешек сомасын акцептісіз алып қою (есептен шығару) құқығын береді.

2.6. Кәсіпорын осы Шарт бойынша Банк көрсеткен қызметке төлем жасау бойынша тарифтердің мөлшері келесі түрде, яғни:

1) Банктің операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесінде (Банктің операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесі Банктің www.bcc.kz сайтында орналастырылған) көзделген Шарт жасалған күні қолданыста болатын тарифтердің шекті шамасының аясында;

2) және/немесе Кәсіпорынға осы Шартта көзделген кез келген тәсіл (Банктің www.bcc.kz сайтына ақпарат орналастыруды қоса алғанда) арқылы Банктің қызметіне төлем жасау бойынша белгіленген тарифтердің мөлшерін өзгерту жөніндегі Банктің қалауы туралы хабарландыру жіберу арқылы ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін екеніне келіседі. Банктің хабарландыруында көрсетілген мерзім ішінде Кәсіпорын өзгертілген тарифтерді қабылдаудан бас тартатыны туралы жазбаша өтінішпен Банкке хабарласпаған жағдайда, Кәсіпорын тарифтерді қабылдаған болып есептеледі.

Сондай-ақ Кәсіпорын жаңа Өнімдер/Банктің қызметтері бойынша жаңа тарифтер енгізу арқылы тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы екеніне келіседі.

2.7. Банк Кәсіпорынға тарифтерге енгізу жоспарланған өзгерістер туралы өзгеріс енгізіледі деп болжанған күннен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет желісіне ақпарат орналастыру арқылы және/немесе Шарттың 4.17.-тармағында көрсетілген тәсілмен

2.3. В случае, если ежемесячный оборот карточных операций по POS-терминалам составит сумму меньше порогового значения, указанного на интернет ресурсе Банка www.bcc.kz, Предприятие обязуется оплачивать комиссию, согласно тарифам Банка, размещенным на интернет ресурсе Банка www.bcc.kz за отчетный месяц, в котором наступил такой случай.

2.4. Комиссии Банка оплачиваются Предприятием путем прямого дебетования Банком любых банковских счетов Предприятия, открытых в Банке в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.

2.5. Заключением настоящего Договора, Предприятие предоставляет безусловное право Банку на безакцептное изъятие (списание) всех сумм Задолженности по обязательствам Предприятия перед Банком.

2.6. Предприятие согласно с тем, что размеры Тарифов по оплате услуг Банка по настоящему Договору могут изменяться, в том числе в сторону увеличения, следующим образом:

1) только в рамках предельных величин Тарифов, действующих на дату заключения Договора, которые предусмотрены в правилах об общих условиях проведения операций Банка (правила об общих условиях проведения операций Банка размещены на сайте Банка www.bcc.kz);

2) и/или путем направления уведомления Предприятию любым из способов, предусмотренных настоящим Договором (включая размещение информации на сайте Банка www.bcc.kz), о желании Банка изменить размеры Тарифов по оплате услуг Банка. В случае, если в течение срока, указанного в уведомлении Банка, Предприятие не обратиться в Банк с письменным заявлением об отказе в принятии изменеяемых Тарифов, Тарифы считаются принятыми Предприятием.

Предприятие согласно с тем, что Банк вправе вносить изменения в Тарифы в одностороннем порядке путем ввода новых Тарифов по новым Продуктам/услугам Банка.

2.7. О планируемых изменениях в Тарифы, Банк информирует Предприятие путем размещения информации за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты изменений на сайте Банка в сети Интернет по адресу www.bcc.kz и/или путем направления уведомления Предприятию способом,

Кәсіпорынға хабарландыру жіберу арқылы хабарлайды.

**3. Банктің міндеттері:**

3.1. Қабылдау-өткізу актісі бойынша Кәсіпорынға бұзылмаған күйде Жабдықты беру;

3.2. Кәсіпорынға Жабдықпен қоса қабылдау-өткізу актісі бойынша төменде көрсетілген нұсқаулықтарды беру:

- карточкалар мен жеке тұлғасын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалығының, жарамсыздығының және/немесе жасандылығының, сондай-ақ клиенттердің күмәнді жүріс-тұрысының белгілері;
- карточкалық операция жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулық;
- карточка ұстаушыларға POS-терминал арқылы қызмет көрсету бойынша нұсқаулық;
- POS-терминалды пайдалану бойынша нұсқаулық;

3.3. Жабдықты Кәсіпорында орналастыру, күйге келтіру, жабдықты іске қосу, 3.2.-тармақта көрсетілген нұсқаулықтарды ұсына отырып, Кәсіпорын қызметкерлерін жабдықпен жұмыс істеуге үйрету;

3.4. Процессинг орталығынан Кәсіпорында жүргізілген карточкалық операциялар туралы есепті алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде осы Шарттың талаптарына сәйкес Банкке тиесілі комиссияны ұстап қалып, карточкаларды пайдалану арқылы іске асырылған тауарларға (қызметтерге) төлем жасауға арналған деректемелерге сәйкес Кәсіпорынның банктік шотына ақша аудару;

3.5. Жабдықтың бұзылуы туралы актіге сәйкес Кәсіпорынның кінәсінен болмаған жағдайда, бұзылған Жабдықты ауыстыру немесе жөндеу;

3.6. Қажет болған кезде Кәсіпорынды шығыс материалдарымен (төлем жүйелерінің логотипі көрсетілген жапсырмалармен) қамтамасыз ету;

3.7. Кәсіпорынды жұмыс күндері Астана уақытымен сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсетуге байланысты кеңес беруді қамтамасыз ету;

3.8. Кәсіпорынның қызметкерлеріне карточкалық операцияларды жүргізу және оны ресімдеу тәртібін оқыту. Оқыту қорытындысы бойынша Кәсіпорынның қызметкерлерін оқыту туралы акт құрылады;

3.9. Кәсіпорынмен күнін алдын ала келісімге

указанным в пункте 4.17. Договора.

**3. Банк обязуется:**

3.1. Предоставить Предприятию оборудование по акту приема-передачи в исправном состоянии;

3.2. Предоставить Предприятию вместе с оборудованием по акту приема-передачи следующие инструкции:

- признаки подлинности, недействительности и/или поддельности карточек и документов, удостоверяющих личность, а так же подозрительного поведения клиентов;
- инструкция о мерах безопасности при проведении карточной операции;
- инструкция по обслуживанию держателей карточек посредством POS-терминала;
- инструкция по эксплуатации POS-терминала;

3.3. Установить оборудование на Предприятии, произвести настройку, подключение оборудования, обучить персонал Предприятия работе с оборудованием, с предоставлением инструкций, указанных в п. 3.2;

3.4. В течение 3 (трех) банковских дней со дня получения из процессингового центра отчета о проведенных на Предприятии карточных операциях, произвести зачисление денег на банковский счет Предприятия согласно реквизитам, в уплату реализованных с использованием карточек товаров (услуг), удерживая причитающуюся Банку комиссию, согласно условиям настоящего Договора;

3.5. Производить замену или ремонт оборудования при его поломке, произошедшей не по вине Предприятия согласно акту о неисправностях;

3.6. По мере необходимости обеспечивать Предприятие расходными материалами (наклейками с логотипами платежных систем);

3.7. Обеспечить в рабочие дни Предприятие консультациями, связанными с обслуживанием держателей платежных карточек с 9.00 до 18.00 по времени Астаны;

3.8. Производить обучение персонала Предприятия порядку проведения и оформлению карточных операций. По итогам проведения обучения составляется акт обучения сотрудников Предприятия.

3.9. Один раз в месяц по предварительному

алып, айына бір рет Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарында жүргізілген карточкалық операциялар туралы ақпараттарды қамтитын үзінді көшірмені ұсыну.

**4. Банктің құқықтары:**

4.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Кәсіпорынның пайдасына жасалған кез келген төлемдерден Банктен Төлем жүйелері немесе Процессинг орталығы арқылы өндірілген чектен (чектерден) ақша сомаларын ұстап қалу, ал мұндай төлемдер өндіріп алған сомаларды жабуға жеткіліксіз болған жағдайда, Кәсіпорын осы Шарттың келесі жолдармен:

- Банктің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Кәсіпорынның Банкте ашылған кез келген банктік шоттарын тікелей дебеттеуі арқылы;
- сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін басқа тәсілдер арқылы жетпейтін соманы акцептісіз алуға жеткілікті негіз болып табылатынын растайды және оған келіседі.

Осы тармақта көрсетілген ақшаны акцептісіз есептен шығару тәртібі Банктің шығынын өтеуге, өсімпұлды, айыппұлды төлеуге, Кәсіпорынның шоттарынан ақшаны есептен шығаруға қатысты осы Шарттың барлық қағидаларына қатысты қолданылады;

4.2. Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерінің осы Шарттың қағидаларын және ұсынылған нұсқаулықтарды Шарттың 3.2-тармағына сәйкес орындауын тексеру;

4.3. Жабдықтың сақталуын, оның дұрыстығын және Кәсіпорынның оны пайдалану тәртібін тексеру;

4.4. Өз қалауы бойынша Банктің және Кәсіпорынның уәкілетті қызметкерлері немесе Кәсіпорын актіге қол қоюдан бас тартқан не Банк талап еткен мерзімде қол қоймаған жағдайда, тек Банк қана қол қойған сәйкес актілердің негізінде жабдықты алып қою немесе ауыстыру;

4.5. Қабылдау-өткізу актісі бойынша берілген жабдық, қуат беру блогы, SAM модулі немесе басқа да құрылғылар бұзылған/сынған немесе жоғалған жағдайда, талап пен төлем жасау шотын ұсыну арқылы Кәсіпорыннан оның құнын өндіріп алу. Соның негізінде берілетін Жабдықтардың атауы, саны және құны

согласованию с Предприятием даты, предоставлять выписки, содержащие информацию о карточных операциях произведенных в пунктах обслуживания Предприятия.

**4. Банк вправе:**

4.1. Удерживать суммы денег из любых платежей, производимых в пользу Предприятия, в соответствии с условиями настоящего Договора, взысканных с Банка платежными системами или Процессинговым центром чека (-ов), а при недостаточности таких платежей для покрытия взысканных сумм, Предприятие подтверждает и соглашается, что настоящий Договор, является достаточным основанием для безакцептного изъятия недостающих сумм следующим путем:

- путем прямого дебетования Банком любых банковских счетов Предприятия открытых в Банке в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан;
- а также иными способами, не противоречащими требованиям действующего законодательства Республики Казахстан.

Указанный в настоящем пункте порядок безакцептного списания денег распространяется на все положения настоящего Договора, затрагивающие возмещение ущерба Банку, оплату пени, штрафа, списание денег со счетов Предприятия.

4.2. Проверять соблюдение ответственным персоналом Предприятия положений настоящего Договора и предоставленных инструкций в соответствии с пунктом 3.2. Договора.

4.3. Осуществлять проверку сохранности оборудования, его исправности и порядка использования Предприятием.

4.4. По своему усмотрению изъять или заменить оборудование с последующим подписанием соответствующих актов уполномоченными работниками Банка и Предприятия, либо только Банком в случае отказа Предприятия от подписания акта или не подписания в требуемые Банком сроки.

4.5. Взыскать с Предприятия стоимость оборудования, блока питания, SAM модуля или других устройств переданных по акту приемов передачи в случае его порчи/поломки или утери путем выставления требования и счета на оплату. Наименование, количество и стоимость оборудования указываются в акте

қабылдау-өткізу актісінде көрсетіледі. Егер жоғарыда көрсетілген актіде жабдықтардың құны көрсетілмеген болса, Банк жабдықты баланстық құны бойынша бағалайды. Ұсынылған талапты және шотты Кәсіпорын уақытылы төлемеген жағдайда, Шарттың 4.1-тармағында көзделген тәртіппен сәйкес соманы есептен шығару;

приема-передачи, на основании которого оно передается. Если в вышеуказанном акте не указана стоимость оборудования, оборудование оценивается Банком по балансовой стоимости. В случае несвоевременной оплаты Предприятием выставленного требования и счета на оплату, списать соответствующую сумму в порядке предусмотренном п. 4.1. Договора.

4.6. Кәсіпорында осы Шартта көзделген талаптарды және осы Шарттың 3.2-тармағына сәйкес ұсынылған нұсқаулықтарды бұза отырып жасалған карточкалық операцияларды біржақты тәртіппен жарамсыз деп санау;

4.6. В одностороннем порядке считать карточную операцию недействительной, совершенной на Предприятии с нарушением условий предусмотренных настоящим Договором и предоставленных инструкций в соответствии с пунктом 3.2. настоящего Договора.

4.7. Күмәнді карточкалық операциялар жүргізілген кезде, Кәсіпорында және/немесе Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарында осындай карточкалық операциялардың жүргізілу жағдайын анықтау;

4.7. При проведении подозрительной карточной операции выяснять обстоятельства проведения такой карточной операции на Предприятии и/или в пунктах обслуживания Предприятия.

4.8. Кәсіпорынның банктік шотына қате, күмәнді, заңсыз немесе даулы карточкалық операциялар, криптовалюталарды сатып алуға, сатуға немесе айырбастауға байланысты операциялар бойынша туындаған даулы жағдайлар шешілгенге дейін ақша аудармау. Банк карточкалық операциялардың қателігін, күмәнділігін немесе даулы жағдайда болуын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес өз бетінше анықтайды.

4.8. Не производить перевод денег на банковский счет Предприятия по заведомо ошибочным, подозрительным, несанкционированным или спорным карточным операциям до разрешения возникшей спорной ситуации, операциям, связанным с покупкой, продажей или обменом криптовалют. Банк самостоятельно определяет параметры ошибочности, подозрительности или спорности карточной операции в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и правилами платежных систем.

4.9. Кәсіпорынның қызметкерлері тарапынан 3.2.-тармақта көрсетілген нұсқаулықтар бұзылған жағдайда немесе Кәсіпорында заңсыз карточкалық операциялар жүргізілген жағдайда, Банк орнаған жағдай реттелгенге дейін Кәсіпорынның пайдасына ақша аудармауға құқылы;

4.9. В случае нарушения инструкций, указанных в п. 3.2 со стороны работников Предприятия или в случае выявления несанкционированных карточных операций на Предприятии Банк вправе не перечислять деньги в пользу Предприятия до урегулирования сложившейся ситуации.

4.10. Осы Шарттың 4.1.-тармағында көзделген тәртіппен Кәсіпорынның кез келген банктік шотынан оны жүргізуге байланысты талаптарды бұза отырып жасалған карточкалық операцияның және/немесе заңсыз карточкалық операцияның сомасын акцептісіз тәртіппен есептен шығару. Осындай карточкалық операцияның сомасы Кәсіпорынның шотына болашақта түсетін түсімдерден есептен шығарылуы мүмкін.

4.10. В безакцептном порядке списать сумму несанкционированной карточной операции и/или карточной операции, совершенной с нарушением требований к её проведению с любых банковских счетов Предприятия, в порядке, предусмотренном п. 4.1. настоящего Договора. Сумма такой карточной операции может быть списана из будущих поступлений на счет Предприятия.

4.11. Кері қайтарылатын карточкалық операция бойынша Кәсіпорынға болашақта түсетін төлемдер (Кәсіпорынға өтелетін) сомасынан

4.11. По возвратной карточной операции, удержать сумму возвратной карточной операции из причитающихся Предприятию

кері қайтарылатын карточкалық операциялар сомасын ұстап қалу. Егер ұсталатын сома ағымдағы төлемдер сомасынан (Кәсіпорынға өтелетін) артық болса, Шарттың 4.1.-тармағында белгіленген акцептісіз тәртіппен Кәсіпорынның кез келген банктік шотынан кері қайтарылатын карточкалық операциялар бойынша жетпеген соманы есептен шығару. Бұл кезде аталған карточкалық операция бойынша Банк Кәсіпорыннан ұстап қалған комиссиялық сыйақы қайтарылады.

сумм будущих платежей (возмещения Предприятию). Если удерживаемая сумма превышает сумму текущих платежей (возмещения Предприятию), списать недостающую сумму денег возвратной карточной операции с любых банковских счетов Предприятия в безакцептном порядке, определенном п. 4.1. Договора. При этом комиссионное вознаграждение по данной карточной операции, удержанное Банком с Предприятия подлежит возврату.

4.12. Бір карточкалық операцияға ақшалай мәндегі лимит пен Кәсіпорынның қызмет көрсету орындарында бір жабдық арқылы жүргізілген карточкалық операциялардың жиынтығы бойынша ақшалай мәндегі тәуліктік лимит белгілеу.

4.12. Установить лимит в денежном выражении на одну карточную операцию и суточный лимит в денежном выражении по совокупности карточных операций, проведенным посредством одного оборудования в пункте(-ах) обслуживания Предприятия.

4.13. Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет ресурсына орналастыру арқылы осы Шартқа және Қосымшаларға біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу.

4.13. В одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения в настоящий Договор и Приложения, разместив на интернет ресурсе Банка по адресу www.bcc.kz.

4.14. алынып тасталған.

4.14. исключен.

4.15. Шарт бұзылған жағдайларда, кіру есіктерінен Банктің логотиптері бар жапсырмалар алынып тасталсын.

4.15. В случаях расторжения Договора снять с входных дверей наклейки с логотипами Банка.

4.16. Осы Шарттың 12.1.-тармағына сәйкес, сонымен қатар келесі жағдайларда:

4.16. В одностороннем порядке расторгнуть настоящий Договор согласно пункту 12.1. настоящего Договора, а также в следующих случаях:

4.16.1. заңсыз карточкалық операциялар немесе алаяқтық операциялар жүргізілген жағдайда;

4.16.1. проведения несанкционированных карточных операций или мошеннических операций;

4.16.2. Кәсіпорын тарапынан жабдықты сақтауды қамтамасыз ету шаралары жүргізілмеген жағдайда;

4.16.2. отсутствия мер со стороны Предприятия по обеспечению сохранности оборудования;

4.16.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.16.3. по основаниям, предусмотренным действующим законодательством Республики Казахстан.

4.16.4. Кәсіпорынның және Банктің уәкілетті жұмыскерлері немесе тек Банктің уәкілетті жұмыскері қол қойған Қабылдау-өткізу актісінің негізінде міндетті түрде жабдықтар мен шығыс материалдарын алып алу арқылы Шарттың 2.3 және/немесе 5,35-тармақтарында көзделген талаптарды орындамаған.

4.16.4. невыполнения условий, предусмотренных пунктами 2.3 и/или 5.35 Договора, с обязательным изъятием оборудования и расходных материалов на основании акта приема-передачи, подписанного уполномоченными работниками Предприятия и Банка, либо только уполномоченным работником Банка.

4.17. Банк Кәсіпорынға Қосылу туралы өтініште немесе Банкке жөнелтілген басқа құжаттарда көрсетілген, Кәсіпорын ұсынған деректемелер (соның ішінде пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, факс нөмірі, стационарлық немесе мобильді телефон және

4.17. Банк имеет право направлять Предприятию любые информационные материалы (в т.ч. уведомления) по реквизитам предоставленным Предприятием (в том числе почтовому адресу, адресу электронной почты, номеру факса, стационарного или мобильного

т.б.) бойынша және/немесе Банктің интернет-сайтына ақпарат орналастыру арқылы кез келген ақпараттық материалдарды (соның ішінде хабарламаларды) жіберуге құқылы.

**5. Кәсіпорынның міндеттері:**

5.1. Банктің талап етуі бойынша Банк көрсеткен мерзімде Банктің ішкі құжаттарында белгіленген Кәсіпорынның қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты беру;

5.2. Осы Шарттың қағидаларын қатаң сақтау, сондай-ақ Шарттың 3.2-тармағына сәйкес Банк ұсынатын нұсқаулық материалдарында қамтылған талаптарды орындау;

5.3. Банктің ұсыныстарын ескере отырып, Жабдықты орнату үшін орын бөлу, оны электр қуаты көздеріне қосуды қамтамасыз ету, сондай-ақ электр қуаты, егер жабдық қол жеткізу нүктесі арқылы Кәсіпорынның интернетіне қосылған болса, интернет қызметі үшін төлем жасауға қатысты шығындарды өтеу;

5.4. Төлем карточкаларын ұстаушылардың ДСН-кодтарын жария етуді болдырмау үшін касса аймақтарында (болғн жағдайда) бейнебақылау камераларын дұрыс орнату бойынша талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

5.5. Банктен алынған жабдықтың сақталуын, тұтастығын және жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Жабдықты бөтен тұлғалардың қолдануына рұқсат бермеу;

5.6. Скимминг құрылғысын орнатпауға қатысты Жабдықты күнделікті тексеруді қамтамасыз ету;

5.7. Төлем карточкаларын ұстаушылардың деректерін жария етпеу мақсатында Жабдықты бағдарламалық және/немесе аппараттық белгілердің модификациясынан сақтау;

5.8. Банктен алынған Жабдықтың механикалық және басқадай зақымдануына жол бермеу; Жабдықты өз күшімен немесе үшінші тараптарды тарту арқылы жөндеуге (күйге келтіруге) тырыспау;

5.9. Банк осы Шарттың талаптарына сәйкес ұсынған шоттарға 5 жұмыс күні ішінде төлем жасау;

5.10. Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес мақсатына сай пайдалану; Жабдықты, сондай-ақ нұсқаулық материалдарын үшінші тұлғаларға бермеу;

5.11. Жабдықты Шарттың қолданыс мерзімі

телефона и т.д.), указанным в Заявлении о присоединении или в иных направленных Банку документах, и/или путем размещения информации на интернет-сайте Банка.

**5. Предприятие обязуется:**

5.1. Предоставить по требованию Банка все необходимые документы о деятельности Предприятия, установленные внутренними документами Банка в сроки указанные Банком.

5.2. Строго соблюдать условия настоящего Договора, а также выполнять требования, содержащиеся в инструктивных материалах, предоставляемых Банком согласно пункту 3.2. Договора.

5.3. С учетом рекомендаций Банка выделить место для установки Оборудования, обеспечить его подключение к сети электропитания, а также нести расходы связанные с оплатой электроэнергии, услуг интернета, если оборудование подключено через точку доступа в интернет Предприятия.

5.4. Обеспечить соблюдение требований по правильной установке камер видеонаблюдения в кассовых зонах (в случае их наличия), для исключения компрометации ПИН-кодов держателей платежных карт.

5.5. Обеспечить сохранность, целостность и физическую безопасность полученного от Банка Оборудования. Исключить доступ посторонних лиц к Оборудованию.

5.6. Обеспечить ежедневный осмотр Оборудования на отсутствие скимминговых устройств.

5.7.Защищать Оборудование от модификации программными и/или аппаратными закладками, в целях исключения компрометации данных держателей платежных карт.

5.8. Не допускать механических и других повреждений полученного от Банка Оборудования. Не пытаться производить ремонт (настройку) Оборудования своими силами или с привлечением третьих лиц.

5.9. В течение 5 (пяти) рабочих дней оплатить счета, предъявляемые Банком в соответствии с условиями настоящего Договора.

5.10. Использовать Оборудование в соответствии с его целевым назначением, согласно инструкции по эксплуатации. Не передавать Оборудование, а также инструктивные материалы третьим лицам.

5.11. Передать Банку Оборудование в

аяқталғаннан кейін үш күн ішінде қалыпты күйінде Банкке тапсыру;
5.12. POS-терминалдарды пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде, бірақ 30 күнтізбелік күн ішінде кем дегенде бір рет «Қорытындыны салыстырып тексеру» операциясын жүргізу;
5.13. Осы Шарттың талаптарына және ұсынылған нұсқаулықтарға сәйкес Кәсіпорын іске асырған тауарлар мен қызметтерге төлем жасау үшін карточкаларды қабылдау;
5.14. Өосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке Кәсіпорында карточкалық операцияларды жүргізу құқығы берілетін Кәсіпорын қызметкерлерінің тізімін беру;
5.15. Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерін осы Шарт бойынша талаптармен және міндеттермен таныстыру;
5.16. Кәсіпорынның жауапты қызметкерлерінің осы Шарттың және Шарттың 3.2.-тармағына сәйкес Банк ұсынатын нұсқаулықтың талаптарын тиісті дәрежеде орындауын қамтамасыз ету;
5.17. Банк қызметкерлері нұсқаулық берген Кәсіпорынның жауапты қызметкерлеріне ғана карточкалық операциялар жүргізуге рұқсат беру. Кәсіпорынның карточкалық операцияларды жүргізетін және ресімдейтін жауапты қызметкері ауысқан жағдайда, жауапты қызметкерлер ауысады деп болжанған күннен кемінде 5 (бес) банктік күн бұрын Кәсіпорынның карточкалық операцияларды жүргізу құқығы берілетін қызметкерлерін оқыту туралы Банкке жазбаша өтініш беру;
5.18. Тауарларды (жұмыстар, қызметтер) іске асыратын орындарда Кәсіпорынға қызмет көрсететін төлем жүйелерінің логотипі бар жапсырмаларды, Банктің жарнамалық материалдарын орналастыру;
5.19. Карточка ұстаушыларға қолма-қол ақшамен төлем жасау кезінде Кәсіпорынның бағасынан аспайтын бағада тауарлар мен қызметтердің толық жиынтығын беру;
5.20. Карточка ұстаушы төлем жасауға ұсынған карточкаларды төлем жасауға қабылдағанда негізсіз бас тарту жағдайларын болдырмау;
5.21. 50 000 (елу мың) теңгеден астам сомада сауда жасалған кезде, карточка ұстаушыдан карточканың ұстаушысына тиесілі екенін

исправном состоянии по окончании действия Договора в течение трех дней.
5.12. Регулярно, но не реже одного раза в 30 (тридцать) календарных дней осуществлять операцию «Сверка итогов» согласно инструкции по эксплуатации POS-терминала.
5.13. Принимать карточки, для оплаты реализуемых Предприятием товаров и услуг в соответствии с условиями настоящего Договора, предоставленными инструкциями.
5.14. В течение 3 (трех) банковских дней со дня подписания Заявления о присоединении предоставить в Банк список работников Предприятия, которым будет предоставлено право на проведение карточных операций на Предприятии.
5.15. Ознакомить ответственный персонал Предприятия с условиями и обязанностями по настоящему Договору.
5.16. Обеспечить надлежащее выполнение ответственными работниками Предприятия условий настоящего Договора и инструкций предоставляемых Банком согласно пункту 3.2. Договора.
5.17. Допускать к проведению карточных операций только ответственных работников Предприятия, проинструктированных сотрудниками Банка. В случае замены ответственных работников Предприятия, осуществляющих проведение и оформление карточных операций, обратиться в Банк с письменным заявлением о проведении обучения работников Предприятия, которым будет предоставлено право на проведение карточных операций на Предприятии, не менее чем за 5 (пять) банковских дней до предполагаемой даты замены ответственных работников.
5.18. В местах реализации товаров (работ, услуг) размещать наклейки с логотипами платежных систем, обслуживаемых Предприятием, рекламный материал Банка.
5.19. Предоставлять держателям карточек полный набор товаров и услуг по ценам, не превышающим цены Предприятия при оплате наличными деньгами.
5.20. Не допускать случаев не обоснованного отказа в принятии к оплате карточки, предъявленной к оплате держателем карточки.
5.21. При осуществлении покупки свыше 50 000 тенге (пятьдесят тысяч) тенге, требовать с держателя карточки предъявления

анықтау үшін жеке куәлігін/төлқұжатын көрсетуді талап ету, сондай-ақ жеке куәліктегі/төлқұжаттағы қолдарды карточкадағы және чектегі қолдармен салыстыру. Басып шығарылған чектегі карточканың нөмірін карточканың нөмірімен міндетті түрде салыстырып тексеру;

5.22. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның талаптарына сәйкес, оның ішінде дербес сәйкестендіру нөмірі арқылы төлем карточкасын ұстаушы аталған төлемге рұқсат берген жағдайда немесе Эквайермен жасалған шартта басқаша белгіленбесе, Кәсіпорын төлем карточкасын ұстаушының сауда чегіне қол қоюын талап етпейді;

5.23. Карточка ұстаушы транзакция жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күннің ішінде тауарды қайтарған және/немесе Кәсіпорынның қызметінен бас тартқан жағдайда, Кәсіпорынның жауапты қызметкері «Карточка иелеріне POS-терминал арқылы қызмет көрсету бойынша нұсқаулықта» көзделген тәртіппен «тауарға төлем жасаудан бас тарту» операциясын жүзеге асырады;

5.24. Чектердің даналары мен көшірмелерін, сондай-ақ Кәсіпорында карточкалық операцияларды жүзеге асыруға байланысты басқа ақпаратты карточкалық операцияны жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы құпияда сақтау және Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап 3 банктік күн ішінде оларды Банкке беру;

5.25. Қолданыс мерзімі аяқталған немесе қолданыс мерзімі әлі орнамаған, жасандылық белгілері бар немесе осы Шарт бойынша белгіленген талаптарға және/немесе Банктің нұсқаулық материалдарына сәйкес келмейтін, заңсыз карточка ұстаушы көрсеткен, сондай-ақ карточканы шығарған Банктің талабы бойынша карточкаларға қызмет көрсетуден бас тарту;

5.26. Осы Шарттың талаптарын, сондай-ақ карточка ұстаушылар жүргізген карточкалық операциялар туралы ақпаратты алдын ала Банктің жазбаша келісімінсіз жарияламау;

5.27. Банктің қызметкерлеріне Кәсіпорынға Банк берген Жабдықтарға тексеру жүргізу үшін және Кәсіпорынның осы Шарттың талаптарын және 3.2-тармаққа сәйкес ұсынылған нұсқаулықтардың орындалуын инспекциялау үшін Кәсіпорынға және/немесе Кәсіпорынның қызмет көрсететін орындарына кедергісіз кіру

удостоверения личности/паспорт для установления принадлежности карточки ее держателю, а также сверить подпись на удостоверении личности/паспорте с подписью на карточке и чеке. Обязательно сверить номер карточки на распечатанном чеке с номером карточки.

5.22. Предприятие не требует подписания держателем платежной карточки торгового чека, в случае если данный платеж санкционирован держателем платежной карточки в соответствии с требованиями Закона о платежах, в том числе с помощью персонального идентификационного номера или если иное не установлено Договором, заключенным с эквайером.

5.23. В случае возврата держателем карточки товара в течение 14 (четырнадцати) дней с даты проведения транзакции и/или отказа от услуг Предприятия, ответственный сотрудник Предприятия выполняет операцию «отмена оплаты товара» в порядке, предусмотренном «Инструкцией по обслуживанию держателей карточек посредством POS-терминала».

5.24. Хранить в условиях конфиденциальности экземпляры и копии чеков, а также иную информацию, связанную с осуществленными на Предприятии карточными операциями, в течение 5 (пяти) лет с даты осуществления карточной операции и предоставлять их в Банк в течение 3-х банковских дней со дня получения письменного требования от Банка.

5.25. Отказать в обслуживании карточки, срок действия которой истек или еще не наступил, карточки с признаками подделки или несоответствующей требованиям, установленным настоящим Договором и/или инструктивным материалам Банка, предъявленной незаконным держателем карточки, а также по требованию Банка-эмитента карточки.

5.26. Не разглашать условия настоящего Договора, а также информацию о произведенных держателями карточек карточных операциях без предварительного письменного согласия Банка.

5.27. Предоставить сотрудникам Банка беспрепятственный доступ на Предприятие и/или точку обслуживания Предприятия для проведения проверки Оборудования, переданного Предприятию Банком, и выполнение Предприятием условий настоящего Договора и предоставленных

мүмкіндігін беру. Тексеру қорытындысы бойынша Кәсіпорынды инспекциялау актісі жасалады;

инструкций в соответствии с пунктом 3.2. По результатам проверки составляется акт инспектирования Предприятия.

5.28. Карточка жарамсыз, жасанды болып шықса немесе оны карточканы ұстаушы болып табылмайтын тұлға пайдаланса, сондай-ақ карточканың Эмитент банкінен «Карточканы алып қою» деген хабар алынған жағдайда, Кәсіпорын Банкке хабарлап, егер Кәсіпорынның қызметкеріне қауіп төндірмейтін болса, кез келген саналы және бейбіт жолмен карточканы ұстап қалу және оны Банкке тапсыру;

5.28. В случае если карточка окажется недействительной, подделанной или будет использоваться лицом, не являющимся держателем карточки, а также при получении от Банка-эмитента карточки сообщение «изъять карточку», Предприятие обязано поставить в известность Банк, задержать карточку любыми разумными и мирными средствами, если это не угрожает безопасности персонала Предприятия и передать карточку в Банк.

5.29. Банктен сәйкес хабарландыру алған күннен кейін 3 (үш) банктік күн ішінде жабдықтардың табиғи тозуын есепке ала отырып, Кәсіпорынға берген күйінде барлық Жабдықтарды және Банк осы Шарттың негізінде Кәсіпорынға берген шығыс материалдарын Банкке қайтару;

5.29. В течение 3 (трех) банковских дней после получения от Банка соответствующего уведомления вернуть Банку все Оборудование в том же состоянии, в котором оно было передано Предприятию с учетом физического износа и расходные материалы, предоставленные Банком Предприятию на основании настоящего Договора.

5.30. Кәсіпорын Банкте банктік шот ашқан кезде осы Шарт бойынша өздеріне қабылдаған барлық міндеттемелерді орындағанға дейін оны жаппау;

5.30. При открытии Предприятием в Банке банковского счета не закрывать его до исполнения всех принятых на себя обязательств по настоящему Договору.

5.31. Кәсіпорын орналасқан жердің және оның банктік деректемелерінің өзгеруіне байланысты барлық жағдайлар туралы осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде жазбаша түрде Банкке хабарлау. Осы талапты орындамаған жағдайда, ақшаның уақытылы аударылмағаны үшін Банк жауап бермейді;

